

Жабдықтау жиынтығы / Комплект поставки

Атауы / Наименование	Саны / Кол-во
Unilux KE электрлік қазаны / Электрический котёл Unilux KE	1 шт.
Пайдалану нұсқаулығы / Инструкция по эксплуатации	1 шт.
Монтаж жинағы / Монтажный набор	1 шт.
Сымды термостатты қосу кабелі / Кабель подключения проводного термостата	3 м

Unilux KE жылу қазандығын қабылдау туралы мәліметтер

Сведения о приемке отопительного котла Unilux KE

Тауардың сапасына қатысты рекламациялар мен шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050035 Алматы қ., Лазарев көшесі, 28, Телефон: +7 727 364 5001, +7 777 425 5001, +7 707 825 5000, E-mail: office@unilux.kz, info@unilux.kz

Рекламации и претензии на качество товара принимаются по адресу: Республика Казахстан, 050035, г.Алматы, ул.Лазарева, 28, ТОО Производственное объединение «Юнилюкс». Тел.: +7 727 364 5001, +7 777 425 5001, +7 707 825 5000, E-mail: office@unilux.kz, info@unilux.kz

Шығарылған күні Дата выпуска	
Үлгісі Модель	
Сериялық нөмір Серийный номер	
Сату күні Дата продажи	
Сатушы ұйым Организация-продавец	
Жүкқұжат нөмірі Номер накладной	
Ескерту Примечание	
Сатушының қолы Подпись продавца	п.о. / м.п.



ПАСПОРТ



және пайдалану құралы

Unilux KE-8 / KE-12C

электрлік жылыту қазаны



ПАСПОРТ

и Руководство по эксплуатации котла отопительного электрического

Unilux KE-8 / KE-12C



Мазмұны

1. МАҚСАТЫ	2
2. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	2
3. НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	4
3.1. Unilux KE-8 қазанының сызбасы	5
3.2. Unilux KE-12C қазанының сызбасы	6
4. ДИСПЛЕЙДІ ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ	7
4.1. Дисплей түймешелері мен индикаторларының белгіленуі	7
4.2. Құрылғыны қосу	9
4.3. Температураны орнату	9
4.4. Негізгі уақытты баптау	9
4.5. Қазандықты Wi-Fi арқылы сымсыз басқару	9
4.6. Таймерді орнату тәсілі (7 уақытша интервалға дейін)	10
5. ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ	11
5.1. Орнату кезіндегі қауіпсіздік ережелері	11
5.2. Жылу жүйесінің тазалығы	11
5.3. Монтаж кезінде назар аударыңыз!	11
5.4. Құрылғыны орнату	12
5.5. Үшжолқты клапансыз жылыту жүйесіне қосу	14
6. ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ	15
6.1. Іске қоспас бұрын тексеру тізімі	15
6.2. Қазанды қосу	15
7. ТОҢУДАН ҚОРҒАУ	15
8. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ӨШКЕН КЕЗДЕГІ ЖҰМЫС	16
9. НАСОСТЫ ТАҢДАУ	16
10. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ	16
10.1. Жүйелі техникалық қызмет көрсету	16
10.2. Қауіпсіздік клапаны	16
10.3. Жылыту жүйесін толтыру	17
10.4. Жылыту жүйесінен суды ағызу	17
10.5. Сүзгіні тазалау	17
10.6. Термостаттарды қолмен қалпына келтіру	18
11. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ	18
12. УТИЛИЗАЦИЯ	18
13. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ	19
14. ЭЛЕКТРЛІК СЫЗБАЛАР	20
14.1. Unilux KE-8 электрлік сызбасы	20
14.2. Unilux KE-12 электрлік сызбасы	21
14.3. Unilux KE-12 контроллер сызбасы	22



Оглавление

1. НАЗНАЧЕНИЕ	24
2. УКАЗАНИЕ МЕР БЕЗОПАСНОСТИ	24
3. ОСНОВНЫЕ ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ	26
3.1. Схема котла Unilux KE-8	27
3.2. Схема котла Unilux KE-12C	28
4. ИНСТРУКЦИИ ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ДИСПЛЕЯ	29
4.1. Обозначение кнопок и индикаторов дисплея	29
4.2. Включение прибора	31
4.3. Установка температуры	31
4.4. Настройка базового времени	31
4.5. Беспроводное управление электрическим котлом	31
4.6. Способ установки таймера (до 7 временных интервалов)	32
5. УСТАНОВКА И ПОДКЛЮЧЕНИЕ	33
5.1. Правила безопасности при установке	33
5.2. Чистота системы отопления	33
5.3. Внимание при монтаже!	33
5.4. Установка прибора	34
5.5. Подключение к системе отопления без трёхходового клапана	36
6. ВВОД В ЭКСПЛУАТАЦИЮ	37
6.1. Проверочный список перед запуском	37
6.2. Включение котла	37
7. ЗАЩИТА ОТ ЗАМЕРЗАНИЯ	37
8. РАБОТА ПРИ ОТКЛЮЧЕНИИ ЭЛЕКТРОЭНЕРГИИ	38
9. ВЫБОР НАСОСА	38
10. ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ И УХОД	38
10.1. Регулярное техническое обслуживание	38
10.2. Предохранительный клапан	38
10.3. Подпитка системы отопления	39
10.4. Слив системы отопления	39
10.5. Очистка сетчатого фильтра	39
10.6. Ручное восстановление термостатов	40
11. ТРАНСПОРТИРОВКА И ХРАНЕНИЕ	40
12. УТИЛИЗАЦИЯ	40
13. ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ	51
14. ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ СХЕМЫ	42
14.1. Электрическая схема Unilux KE-8	42
14.2. Электрическая схема Unilux KE-12	43
14.3. Схема контроллера Unilux KE-12	44



ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ!

Сізді Unilux KE электрлік қазанын сатып алуыңызбен құттықтаймыз! Осы Нұсқаулық Unilux KE-8 / Unilux KE-12C үлгісіндегі электр қазандарына қолданылады (бұдан әрі - қазан, құрылғы). Құрылғының толық атауы қазан корпусындағы және қаптамасындағы сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

1. МАҚСАТЫ

Unilux KE электрлік қазаны тұрғын үй-жайларды жылыту үшін жылу тасығышты қыздыруға арналған. Сонымен қатар, үш жүрісті клапанмен және жанама немесе біріктірілген жылытқышпен бірге тұрмыстық ыстық су алуға қолданылады.

2. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Жабдықтың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету, жарақат пен мүліктің бүлінуін болдырмау үшін келесі талаптарды орындаңыз:

- Электр сымдары, сақтандырғыштар және коммутациялық құрылғылар қазан қуатына сәйкес болуы тиіс.
- Құрылғыны тек қана таңбалама тақтайшасында көрсетілген параметрлерге сәйкес электр желісіне қосыңыз.
- Орнатпас бұрын жерге қосу контуарының бар екеніне көз жеткізіңіз. Жерге қоспай пайдалану қатаң тыйым салынады.

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- Құрылғының қасына тез тұтанғыш материалдар қою.
- Құрылғыны жоғары ылғалдылықтағы бөлмелерде орнату.
- Құрылғыны ашық от көздерінің немесе қызған заттардың жанында қалдыру.
- Құрылғыны балаларға немесе бақылаусыз пайдалануға беру.
- Құрылғыны басқа мақсаттарда қолдану (мысалы, тұрмыстық емес мақсатта су қыздыру).
- Құрылғының үстіне жанғыш материалдар, киім, пластмасса, газеттер және т.б. қою.
- Құрылғыны тазалау кезінде агрессивті немесе коррозиялық заттарды қолдану.
- Құрылғыны жуынатын бөлмеге, ашық ауаға немесе су тигізуі мүмкін жерге орнату.
- Құрылғыны микротолқынды пештің және басқа электромагниттік сәуле шығаратын жабдықтардың жанына қою.
- Жылу жүйесіндегі құбырлар қатқан кезде құрылғыны іске қосу.
- Жылу тасымалдағыш айналымы тоқтауы мүмкін жүйелерде құрылғыны пайдалану.

Құрылғы істен шыққан жағдайда бірден қуат көзінен ажыратып, авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз. Өндіруші құрылғының дұрыс пайдаланылмауынан туындаған зақымға жауап бермейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Пайдаланушылар осы нұсқаулықтағы ережелерді сақтауға міндетті.
- Орнату және қосу жұмыстарын тек мамандар орындауы тиіс.
- Орнатудан кейін осы нұсқаулықта белгі қою қажет.
- Құрылғыны тек білікті мамандарға қызмет көрсетуге рұқсат етіледі.

- Дұрыс пайдаланбау денсаулыққа және мүлікке зиян келтіруі мүмкін.
- Ұзақ уақыт болмаған жағдайда немесе жылыту жүйесі қату қаупі бар кезде құрылғыны қосуды қалдыру немесе аяздан қорғау шараларын қолдану қажет.
- Электр қазаны қатаң түрде осы Нұсқаулықтағы талаптар мен нұсқауларға сәйкес орнатылады.
- Жөндеу және техникалық қызмет көрсету кезінде тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен жинақтарды қолдану қажет. Өндіруші бейресми бөлшектерді пайдаланудан туындаған ақаулар үшін жауап бермейді.
- Электр қазаны орнатылған бөлмеде сенімді және тиімді жерге қосу болуы тиіс. Қазанға қосылған кабельдің қимасы кестеде көрсетілген параметрлерге сәйкес келуі керек.
- Қолданылатын жылутасымалдағыштың қатаңдық көрсеткіші Ланжелье индексі бойынша –0,2-ден +0,2-ге дейін, Ризнер индексі бойынша 5,8-ден 6,5-ке дейін болуы тиіс. Қақ түзілуінен жылуалмастырғыштың зақымдануы кепілдік міндеттемелеріне кірмейді. Қажет болған жағдайда су алдын ала дайындалып, өңделуі тиіс.
- Пропиленгликоль негізіндегі сертификатталған тоңбайтын сұйықтықтарды қолдануға рұқсат етіледі. Басқа жылутасымалдағыштарды қолдануға тыйым салынады.
- Жылутасымалдағыштың кері құбыр желісіне қиғаш торлы сүзгінің орнатылуы міндетті.
- Электр қазаны автономды жылыту жүйесіне қосылып, жылутасымалдағышпен толтырылуы тиіс. Пайдалану температурасы +1 °С-тан +35 °С-қа дейін, ал ылғалдылығы +25 °С кезінде 80 %-дан аспауы қажет.
- Жерге қосу сапасы нашарлаған жағдайда (жабдықтың металл бөліктеріне немесе құбырларға қол тигізгенде шаншу сезімі), ұшқын пайда болғанда, дiрiл немесе күйген иiс байқалғанда құрылғыны бiрден тоқтан ажыратып, жылутасымалдағышты ағызып, авторизацияланған сервис орталығына жүгiну қажет.


3. НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Кесте 3.1.


Үлгісі	Unilux KE-8 / Unilux KE-12C					
Кернеу	230 В~/400 В~					
Жиілігі	50 Гц					
Қуаты*	2 кВт	4 кВт	6 кВт	8 кВт	10 кВт	12 кВт
* Қуаттың максималды деңгейі құрылғыны орнату және баптау кезінде таңдалады						
Жылыту ауданы	до 20 м ²	до 40 м ²	до 60 м ²	до 80 м ²	до 100 м ²	до 120 м ²
Бір фазалы қосқанда (220 В~) номиналды жүктеме тогы	9 А	18.1 А	27.2 А	36.3 А	-	-
Бір фазалы қосқанда (220 В~) ұсынылатын мыс кабель қимасы	≥ 4 мм ²	≥ 6 мм ²	≥ 10 мм ²	≥ 10 мм ²	-	-
Үш фазалы қосқанда (380 В~) номиналды жүктеме тогы	9 А	18.1 А	18.1 А	18.1 А	18.1 А	18.1 А
Үш фазалы қосқанда (380 В~) ұсынылатын мыс кабель қимасы	≥ 2,5 мм ²					
Кеңейту багының көлемі	6 л					
Орнатылған насос	бар					
Жылутасымалдағыш түрі	Су (қаттылығы Ланжелье индексі бойынша - 0,2-ден +0,2-ге дейін, Ризнер индексі бойынша 5,8–6,5 шегінде) / Дистилденген су / Пропиленгликоль негізіндегі сертифицикатталған тоңбайтын сұйықтық (қажет болған жағдайда дайындалған сумен сұйылтылған)					
Ең төмен қысым	0.05 МПа					
Жұмыс қысымы	0.1-0.15 МПа					
Ең жоғары қысым	0.3 МПа					
Wi-Fi Motion технологиясы бойынша сымсыз басқару	бар					
Жылыту контурындағы температура диапазоны (радиатор)	30-85 °С					
Жылыту контурындағы температура диапазоны (жылы еден)	30-60 °С					
Ыстық су контурындағы температура диапазоны (ГВС)	30-60 °С					
Аппарат өлшемдері	660 × 410 × 240 мм					
Жалпы салмағы	~23 кг (±8 %)					
Қорап өлшемдері	700 × 470 × 325 мм					
Қосымша су қосу торабы	G1/2					
Жылыту қосылымы	G3/4					
Шаң-ылғалдан қорғау класы	IPX1					
4	Электрқауіпсіздік класы	I				

3.1. Unilux KE-8 қазанының сызбасы

3.1a сурет -
Unilux KE-8 жалпы құрылым







3.1б сурет -
Unilux KE-8 астынан қарау



3.1в сурет - Unilux KE-8 ішкі құрылым

Кесте 4.1 - түймелердің белгіленуі

Түйме	Сипаттамасы
 Қосу түймесі	1. Құрылғыны қосу, өшіру немесе деректерді сақтау үшін түймені 1 секунд басып тұрыңыз. Бұл түймені қате күйін қалпына келтіру үшін параметрлер режиміне кіру/шығу кезінде де қолдануға болады. 2. Барлық функциялар тек құрылғы қосылған кезде ғана белсенді.
 Функцияны баптау	Түйменің көпфункционалы мәні бар және ол ағымдағы параметрлерге байланысты өзгереді.
 Жазғы режим	Егер FA = 00 болса, жазғы режим түймесін басу арқылы құрылғы жазғы режимге ауысады.
 Қысқы режим	1. Қысқы режим түймесін қысқа басу арқылы құрылғыны әдеттегі жылыту режиміне ауыстыруға болады. 2. Құрылғы өшірілген кезде түймені ұзақ басу (5 секунд) су қысымын қосқыш функциясын өшіреді.
 Таймерді баптау	Таймер түймесі қазандықтың жұмысын белгілі уақыт аралықтарымен баптау режиміне кіруге мүмкіндік береді. 7 уақыт аралығына дейін орнатуға болады. Таймерді орнату тәсілдері төменде егжей-тегжейлі сипатталған.
 «Балалардан қорғау» құлпы	1. Құрылғы қосулы кезде түймені 5 секунд басып тұрыңыз - батырмалардың іске қосылуын/өшіруін қамтамасыз ету үшін. 2. Құрылғы қосулы кезде түймені 5 секунд басып тұрыңыз - Wi-Fi қосу режиміне кіру үшін.
 Көтеру түймесі	1. Құрылғы қосулы кезде қысқа басу арқылы жылыту температурасын арттырады. 2. Құрылғы қосулы кезде, температура индикаторы жыпылықтағанда түймені ұзақ басу (3 секунд) температураның жедел баптау интерфейсіне кіруге мүмкіндік береді. 3. Құрылғы қосулы кезде түймені ұзақ басу (5 секунд) жүйені зауыттық параметрлерге қайтарады.
 Төмендету түймесі	1. Құрылғы қосулы кезде қысқа басу арқылы жылыту температурасын төмендетеді. 2. Құрылғы қосулы кезде, температура интерфейсі жыпылықтағанда түймені ұзақ басу (3 секунд) температураның жедел баптау интерфейсіне кіруге мүмкіндік береді. 3. Құрылғы өшірулі кезде түймені ұзақ басу (5 секунд) демпфер қосқышының функциясын өшіреді.
 Уақытты баптау	1. Қысқа басу арқылы сағат индикаторын қосуға немесе өшіруге болады. 2. Ұзақ басу арқылы таймер баптауларына кіруге болады.

4.2. Құрылғыны қосу

Орнатудан кейін, жылыту жүйесіне және электр желісіне қосқан соң, басқару панеліндегі **[қосу]** түймесін басыңыз (4.1-сурет).

Егер құрылғы қосылып, қысқа уақыт ішінде қайта өшсе, электрмен жабдықтау сапасын және желідегі кернеуді тексеріп, содан кейін қайта қосыңыз.

Мұздап қалу қаупі болған жағдайда, тоңудан қорғау функциясы жұмыс істеуі үшін тұрақты электр қорегін қамтамасыз ету қажет.

Ұзақ уақытқа сөндіру жоспарланса, құрылғыны тоқтан ажыратып, қазандық пен жүйеден жылу тасымалдағышты төгіп тастаңыз. **Жылыту жүйесі қатқан жағдайда құрылғыны қосуға тыйым салынады!**

4.3. Температураны орнату

Электрқазанда екі түрлі жылыту түрі қарастырылған: радиаторлар және жылы еден.

- Жылы еден үшін орнату диапазоны: **30 - 60°C**
- Радиаторлар үшін орнату диапазоны: **30 - 80°C**.

Үш жылыту режимі қолжетімді: **«Турбо», «Эко», «Пайдаланушылық»**. Әр режимде қажетті температураны орнатуға немесе әдепкі баптауларды қолдануға болады.

- Жылу тасымалдағыштың температурасын төмендету үшін басқару панеліндегі **[төмендету]** түймесін басыңыз (4.1-сурет). Бір рет басу температураны 1°C-қа төмендетеді.

- Жылу тасымалдағыштың температурасын арттыру үшін басқару панеліндегі **[көтеру]** түймесін басыңыз. Бір рет басу температураны 1°C-қа көтереді.

Ескерту: Басқару панеліндегі дисплейде нақты (ағымдағы) жылу тасымалдағыш температурасы көрсетіледі. Температураны түймелер арқылы өзгерткен кезде дисплейде 5 секунд бойы орнатылған температура көрінеді. 5 секунд өткен соң құрылғы қайтадан нақты температураны көрсетеді. Егер **[функцияны баптау]** түймесін бассаңыз, нақты температура бірден көрсетіледі.

4.4. Негізгі уақытты баптау

Құрылғы қосулы болған кезде және температура индикаторы жыпылықтамай тұрғанда, **[уақытты баптау]** түймесін басып тұрыңыз - ағымдағы уақыт пен аптаның күнін орнату үшін.

Осыдан кейін осы түймені қысқа басу арқылы мәндерді кезекпен ауыстыруға болады: «сағат» - «минут» - «апта күні».

Мәндерді **[көтеру]** және **[төмендету]** түймелері арқылы реттеңіз.

4.5. Қазандықты Wi-Fi арқылы сымсыз басқару

Басқару үшін мобильді **«SmartLife»** қосымшасын қолданыңыз (қосымшалар дүкенінен жүктеп алыңыз немесе QR-кодты сканерлеңіз).


Телефонда Bluetooth қосыңыз және оны үйдегі Wi-Fi желісіне жалғаңыз.

Құрылғы қосулы тұрғанда **[көтеру]** түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз - дыбыс сигналы шығады, қазандық Wi-Fi қосылу режиміне өтеді.


- Қысқа жыпылықтау - қосылу процесін білдіреді.
- Ұзақ жыпылықтау - байланыс орнатылғанын растайды.




4.6. Таймерді орнату тәсілі (7 уақытша интервалға дейін)

[Таймерді баптау] түймесін 3 секунд басып тұрыңыз, сонда таймерді баптау интерфейсі ашылады. Экранда бірінші уақытша интервалдың баптауы шығады, осы кезде индикатор **1** жанады. Индикатор  жанған кезде, ол қосу уақытын орнатуды білдіреді.


Таймер дисплейі орнатылған қосу уақытын көрсетеді. Қосу уақытын орнату үшін **[Функцияны баптау]** түймесін басып, параметрлерді («сағат» - «минут») кезекпен таңдаңыз. Минуттарды орнатқан соң, тағы бір рет **[Функцияны баптау]** түймесін басыңыз - сонда бірінші интервалдың өшіру уақытына өтесіз.

Индикатор  сөніп қалса, бұл өшіру уақытының орнатылғанын білдіреді. **Таймер дисплейі** өшіру уақытын көрсетеді. Өшіру уақытын орнату үшін **[Функцияны баптау]** түймесін басып, параметрлерді («сағат» - «минут») таңдаңыз.


Одан кейін тағы бір рет басу арқылы бірінші интервалға температура орнату бөліміне өтесіз. Баптау аяқталған соң қысқа басу арқылы **[Функцияны баптау]** түймесі сағат орнату экранына қайта оралады. Барлық әрекеттер цикл түрінде қайтланады. Барлық мәндер **[Көтеру]** және **[Төмендету]** түймелерімен орнатылады.

Таймерді баптау режимінде қысқа басу арқылы **[Таймерді баптау]** түймесін екінші интервалды орнатуға ауыстырыңыз. Осы кезде индикатор **2** жанады. Индикатор  жанғанда, ол қосу уақытын орнатуды білдіреді.


Таймер дисплейі орнатылған қосу уақытын көрсетеді. Қосу уақытын орнату үшін **[Функцияны баптау]** түймесін басып, параметрлерді («сағат» - «минут») таңдаңыз. Минуттарды баптап болған соң, тағы бір рет **[Функцияны баптау]** түймесін басыңыз - сонда өшіру уақытына өтесіз.

Индикатор  сөніп қалса, бұл өшіру уақытының орнатылғанын білдіреді. Таймер дисплейі өшіру уақытын көрсетеді. Өшіру уақытын орнату үшін **[Функцияны баптау]** түймесін басып, параметрлерді («сағат» - «минут») таңдаңыз.

Одан кейін тағы бір рет басу арқылы екінші интервалға температура орнатуға өтесіз. Барлық мәндер **[Көтеру]** және **[Төмендету]** түймелерімен орнатылады.

Таймерді баптау режимінде екінші интервалды орнатқан соң, қысқа басу арқылы **[Таймерді баптау]** түймесін үшінші интервалды баптауға ауыстырыңыз. Осы кезде индикатор **3** жанады. Индикатор  жанғанда, ол қосу уақытын орнатуды білдіреді.

Таймер дисплейі орнатылған қосу уақытын көрсетеді. Қосу уақытын орнату үшін **[Функцияны баптау]** түймесін басып, параметрлерді («сағат» - «минут») таңдаңыз. Минуттарды баптап болған соң, тағы бір рет **[Функцияны баптау]** түймесін басыңыз - сонда өшіру уақытына өтесіз.

Индикатор  сөніп қалса, бұл өшіру уақытының орнатылғанын білдіреді. **Таймер дисплейі** өшіру уақытын көрсетеді. Өшіру уақытын орнату үшін **[Функцияны баптау]** түймесін басып, параметрлерді («сағат» - «минут») таңдаңыз. Содан кейін тағы бір рет басу арқылы үшінші интервалға температура орнатуға өтесіз. Барлық мәндер **[Көтеру]** және **[Төмендету]** түймелерімен орнатылады.

Барлық келесі уақытша интервалдар жетінші интервалға дейін дәл осылай орнатылады.

5. ОРНАТУ ЖӘНЕ ҚОСУ

5.1. Орнату кезіндегі қауіпсіздік ережелері

Жабдықты орнату жұмыстарын тек қана білікті монтаж ұйымдарының мамандары орындауы тиіс. Орнату аяқталғаннан кейін осы Нұсқаулықта орнату туралы белгі қою қажет.

Құрылғыны сүмен жабдықтау жүйесіне қосу тек қана мыс, металл-пластик немесе ішкі диаметрі кемінде 20 мм болатын пластик құбырларды пайдалану арқылы, сондай-ақ арнайы икемді сантехникалық шланг арқылы жүзеге асырылады. Бұрын пайдаланылған икемді шлангілерді қолдануға тыйым салынады.



Назар аударыңыз! Қуаты 2/4/6/8 кВт болған жағдайда құрылғыны бір фазалы да, үш фазалы да қосуға болады. Ал қуаты 10/12 кВт болған жағдайда – міндетті түрде үш фазалы қосылуы тиіс.

5.2. Жылу жүйесінің тазалығы

Жаңа қазандықты қоспас бұрын жылу жүйесін мұқият шаю қажет. Ескі жүйелерде құбырлар мен радиаторларда тот, қақ және басқа да лас заттар жиналып, жабдыққа зиян келтіруі мүмкін. Жаңа жүйелерде дәнекерлеу және монтаждау кезінде қолданылған материалдардың қалдықтары қалып қоюы ықтимал. Сондықтан сүзгі мен тұндырғышты орнату ұсынылады. Бұл элементтерді үнемі тексеріп, тазалау қажет.

5.3. Монтаж кезінде назар аударыңыз!

- Құрылғыны электр қазандары үшін арналмаған жылу жүйесіне қосуға тыйым салынады.
- Қазандық қабырғаға мықтап бекітілуі тиіс. Қабырға құрылғының салмағын көтере алуы керек және жанбайтын материалдан жасалған болуы қажет.
- Егер қабырға қуыс кірпіштен тұрғызылған болса, қосымша күшейтуді қамтамасыз ету керек, әйтпесе орнатуға тыйым салынады.
- Жанғыш және жарылғыш заттарды құрылғының жанына қоюға тыйым салынады.
- Қазандықты баспалдақтар мен өткелдердің маңына орнатпаңыз (ең аз қашықтық - 5 м).
- Орнату орнында ашық сымдар немесе электр жабдықтары болмауы тиіс.
- Бұрандалау алдында қабырғада жасырын сымдар мен құбырлардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Жылу жүйесіне қосылу сертификатталған арматура (крандар, клапандар және т.б.) арқылы жүргізілуі тиіс.
- Орнату алдында қуат көзін тексеріңіз. Қате қосу, токтың ағып кетуі немесе жерге қосу талаптарға сәйкес болмаса - орнату жұмыстарына жол берілмейді.
- Құрылғы қатаң тік күйде, қисаймай орнатылуы қажет.
- Жоғары ылғалдылығы бар жерлерге (ванна, душ бөлмесі және т.б.), сондай-ақ ашық ауаға орнатуға болмайды.
- Дренаждық крандар жүйенің ең төменгі нүктесіне орнатылуы тиіс.
- Механикалық сүзгі (Y-тәрізді) кері қайтару желісіне орнатылады. Металлдан жасалған және диаметрі кемінде G3/4 болатын сүзгілерді пайдалануға рұқсат етіледі.
- Қазандықты жүйеге қоспас бұрын құбырларды және жанама қыздыру бойлерін шаю керек.
- Барлық құбыр қосылыстары герметикалық болуы тиіс, бұл ағып кетуді және ауаның жиналуын болдырмау үшін қажет.
- Жабдықтың қуатына сәйкес УЗО (қорғаушы ажыратқыш құрылғы) орнатылуы міндетті.

5.4. Құрылғыны орнату

5.4.1. Құрылғыны қабырғаға орналастыру


Электр қазандығы мен қабырға/заттар арасындағы ең аз қашықтықтар: жанынан - **200 мм**/үстінен - **450 мм**/астынан - **300 мм**/алдынан - **500 мм**.

5.4.2. Құрылғыны қабырғаға орнату


Қазандық қатаң тік күйде, еңіссіз орнатылады.

1. Монтаждық тесіктерді бұрғылаңыз (сурет 5.1).
2. Жоғарғы тесіктерге анкерлерді қойып, қазанды бекітіңіз.
3. Төменгі тесіктерге пластикалық дюбельдерді салыңыз да, құрылғыны бұрандалармен бекітіңіз.

Бұрғыламас бұрын орнату орнында жасырын сымдар мен құбырлардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер қабырға қуыс кірпіштен жасалған болса, бекіту орнын алдын ала күшейту қажет.



Сурет 5.1 – Монтаж өлшемдері



Сурет 5.2 – Құбырларды қосу

- A - Жылу шығару
- B - Ыстық су шығару (ГВС)
- C - Салқын су кірісі
- D - Жылу кірісі

5.4.3. Құбырларды қосу (сурет 5.2)

Жылу жүйесінің кері қайтару желісінде қиғаш механикалық сүзгі (Y-тәрізді) орнатылуы тиіс. Сүзгіден кейін шарикті кран орнатылады.

Жылу құбырының диаметрі кемінде 20 мм болуы қажет. Жылу жүйесінің қазандыққа қосылатын барлық құбырлары тиісті диаметрдегі шарикті крандармен жабдықталуы тиіс.

5.4.4. Электр желісіне қосу



Назар аударыңыз!

Қосар алдында электр желісінің параметрлері құрылғы корпусындағы техникалық таңбашада және 3.1-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз. Фаза, нөлдік және жерге қосу сымдарының дұрыс қосылғанын тексеріңіз. Барлық қосылыстар кабель желілерін монтаждау талаптарына және нормаларына сай орындалуы тиіс.



Назар аударыңыз!

Барлық электрлік жұмыстар тек құрылғы желіден ажыратылған кезде және білікті мамандармен орындалуы қажет.

A) Алдыңғы панельді шешу (сурет 5.3)

Құрылғының алдыңғы панельін бекітетін жоғарғы және төменгі бұрандаларды босатыңыз. Панельді абайлап шешіп алыңыз, басқару панелі мен негізгі плата арасындағы қосқыш сымды ажыратыңыз.

B) Электр кабелін енгізу (сурет 5.4)

Желілік кабельді құрылғының бүйір панеліндегі тесіктен өткізіңіз.


C) Бірфазалы қосылу (сурет 5.5)

Бірфазалы қосылу үшін ұзындығы кемінде 1,6 м болатын **220 В~** кабельді (штекерсіз) пайдаланыңыз. L1, L2, L3 клеммалары тұйықталуы тиіс, ал L1 фазалық сымға жалғанады. Қосылу сызбасы: L - N - G (фаза, нөл, жерге қосу). Кабель қимасы мен жүктеме тогының номиналы 3.1-кестеде көрсетілген. **Кабельді мықтап бекітіңіз!**

D) Үшфазалы қосылу (сурет 5.6)


Үшфазалы қосылу үшін ұзындығы кемінде 1,6 м болатын **380 В~** кабельді (штекерсіз) пайдаланыңыз. L1, L2, L3 клеммалары ашық болуы тиіс. Қосылу сызбасы: L1 - L2 - L3 - N - G (фазалар, нөл, жерге қосу). Кабель қимасы мен жүктеме тогының номиналы 3.1-кестеде көрсетілген. **Кабельді мықтап бекітіңіз!**

Құрылғының төменгі бөлігіндегі бұрандаларды бұрап шығарыңыз




Сурет 5.3


Электр кабелін енгізу



Сурет 5.4



Сурет 5.5



Сурет 5.6



Назар аударыңыз!
Әрбір сым мен әрбір клемма
мықтап бекітілуі тиіс!


Желілік кабель құрылғының бүйір бетіндегі тесіктен горизонтальдан төмен қарай кемінде 10° бұрышпен шығуы керек (сурет 5.7). Бұл кабельде конденсаттың жиналуын және оның құрылғы ішіне түсуін болдырмау үшін қажет.

5.4.5. Алдыңғы панельді орнату



Басқару панеліндегі қосқыш сымды алдыңғы панель мен негізгі басқару платасы арасында қосыңыз. Алдыңғы панельді орнатып, құрылғының жоғарғы және төменгі қабырғаларындағы төрт бұрандамен бекітіңіз.

5.5. Үшжолқты клапансыз жылыту жүйесіне қосу

Сурет 5.8 -
Электр қазанды
жылыту жүйесіне
қосу схемасы




Сурет 5.9 -
Электр қазанды
жылы еденге
қосу схемасы



Сурет 5.7

Сурет 5.10 -
Электр-қазандықты
жылы едендерге
және
радиаторларға
қосу сызбасы



6. ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ

6.1. Іске қоспас бұрын тексеру тізімі

- Қазандықтың қабырғаға түзу және берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Электр желісінің параметрлері талаптарға сәйкес екеніне көз жеткізіңіз (3.1 кестені және құрылғы корпусындағы жапсырманы қараңыз).
- Жылыту жүйесінің барлық қосылыстарын герметикалығына тексеріңіз.
- Электр желісінде токтың ағып кетуінің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Қысым төмендету клапаны мен насос қосулы, ал жылыту жүйесінің крандары ашық екеніне көз жеткізіңіз.
- Жүйедегі қысым 0,1-0,15 МПа (қазандықтың жұмыс қысымы) екеніне көз жеткізіңіз.
- Құбырлардың жағдайы мен герметикалығын тексеріңіз.
- Жылыту жүйесінің беріліс және қайтару крандарының ашық екеніне көз жеткізіңіз.

6.2. Қазанды қосу

- Қазандықты қосу үшін [қосу] батырмасын басыңыз.
- Дисплейде ағымдағы жұмыс режимі көрсетіледі.
- Дисплейде насос, қысым және температура жұмысының индикаторлары көрсетіледі, бұл құрылғының қалыпты жұмысын растайды.
- Ақау болған жағдайда қате коды пайда болады. Қате дисплейде көрсетіледі, тиісті индикаторлар жыпылықтап, дыбыстық белгі беріледі.
- Құрылғының әртүрлі пайдалану жағдайларындағы жұмысын тексеріп, оңтайлы жұмыс режиміне жету үшін баптауларды реттеңіз.

7. ТОҢУДАН ҚОРҒАУ

Қазанда тоңудан қорғаудың екі деңгейлі жүйесі жүзеге асырылған:

1. Температура 8°C-тан төмендегенде датчик автоматты түрде циркуляциялық насосты қосады, бұл жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың тоңып қалуын болдырмайды. Насос іске қосылғаннан кейін дисплейде сәйкес индикатор жанады. Температура 10°C-тан жоғары көтерілсе, насос өшеді.

2. Температура 3°C-тан төмендеген кезде автоматты түрде судың температурасын көтеретін қыздырғыш элемент қосылады. Температура 30°C-тан жоғары көтерілгенде қыздыру өшіріледі.



Егер тоңудан қорғау режимін сөндіру қажет болса, қазандықты толықтай электр желісінен ажыратыңыз. Қайта қосу үшін құрылғыға электр қорегін беріп, оны қосыңыз және реттеу түймелері арқылы қажетті температураны орнатыңыз.

8. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ӨШКЕН КЕЗДЕГІ ЖҰМЫС

- Электрмен жабдықтау ажыратылғанда қазандық сөніп қалады.
- Электр қайта берілгенде қазандық автоматты түрде қосылып, бұрын таңдалған жылыту режимін сақтайды.
- Қолмен орнатылған таймер параметрлері сақталады.
- Мобильді қосымша арқылы енгізілген автоматтандыру және таймер параметрлері де сақталады.
- Электр қалпына келгеннен кейін қазандық іске қосылмаса, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

9. НАСОСТЫ ТАҢДАУ

Насосты таңдау жылыту жүйесіндегі жылу тасымалдағыштың айналым параметрлерін анықтайды. Ол жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті қысым мен шығынды беруі тиіс.

Энергияны үнемдеу және қазандықтың жұмысын нақты жылу жүктемелеріне бейімдеу үшін жылдамдығын реттеуге болатын насостарды қолдану ұсынылады.

10. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

Құрылғыға жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді тек мамандандырылған сервистік ұйым жүзеге асыруы тиіс. Ақау пайда болғанда құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге болмайды. Жақын жердегі авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз. Құрылғының корпусын сәл дымқыл шүберекпен сүртуге болады. Абразивті материалдар мен агрессивті химиялық заттарды қолдануға тыйым салынады.

10.1. Жүйелі техникалық қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету жылына кемінде бір рет, жақсысы жылыту маусымы басталар алдында жүргізілуі тиіс. Жұмыстарды сервистік ұйымның мамандары орындайды.

10.2. Қауіпсіздік клапаны

Құрылғыда 3 бар (0,3 МПа) қысымға арналған қауіпсіздік клапаны орнатылған. Ол іске қосылған кезде жүйедегі артық қысымды болдырмау үшін жылу тасымалдағыштың бір бөлігі шығарылады.

Клапан жиі іске қосылған жағдайда жылыту жүйесін тексеру үшін сервистік орталыққа жүгіну қажет.



Маңызды! Қауіпсіздік клапанын жабуға немесе шешіп алуға болмайды. Қыста қазандыққа қызмет көрсеткенде жүйенің тоңып қалуын болдырмау үшін жылу тасымалдағышты міндетті түрде ағызу керек.

10.3. Жылыту жүйесін толтыру

Жылыту жүйесін толтыру (шағын көлемде) қазандықтың конструкциясында қарастырылған толтыру тораптары арқылы жүргізіледі.

Толтыру талаптары:

- Толтыру көзіндегі жылу тасымалдағыштың қысымы жүйедегі қысымнан жоғары болуы керек.
- Толтыру тек қазандық суыған кезде жүргізіледі (жылу тасымалдағыш температурасы 30°C-тан аспауы тиіс).
- Қазандықтағы қысым суық күйінде (30°C-қа дейін) 1–2 бар болуы қажет.
- Толтыру алдында кеңейту бағының параметрлерін тексеру қажет.

Өндіруші қате толтыру немесе талаптардың орындалмауынан туындаған зақымдарға жауапты емес.

Жылу тасымалдағышты толтыру тәртібі:

- Қазандықты өшіріңіз.
- Толтыру кранын ашып, манометрдегі қысымды бақылаңыз (1–2 бар).
- Қажетті қысымға жеткен соң толтыру торабын жабыңыз.
- Жылыту батареяларынан ауаны шығарыңыз (жылу тасымалдағыш біркелкі, көпіршіксіз шығуы тиіс).
- Қазандық манометріндегі қысымды тексеріңіз (1–2 бар). Қажет болса, қосымша толтырыңыз.
- Қазандықты қосып, қысымды қайтадан тексеріңіз.

10.4. Жылыту жүйесінен суды ағызу

Жылу тасымалдағышты қазандықтан және жүйеден ағызу келесі жағдайларда жүргізіледі: құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаса, тоңу қаупі бар болса немесе сервистік жұмыстар алдында.

Ағызу тәртібі:

- Қазандықты өшіріп, насос қалқанын шешіңіз.
- Дренаж кранын ашып, жылу тасымалдағыштың ағуына мүмкіндік беріңіз.
- Радиаторлардағы ауа шығару крандарын ашыңыз, жоғарғы радиатордан бастап төмен қарай қозғалыңыз.
- Толық ағызғаннан кейін ауа шығару және дренаж крандарын жабыңыз.

10.5. Сүзгіні тазалау

- Қазандықты өшіріңіз.
- Шарлы крандарды жауып, қазандықты жүйеден ажыратыңыз.
- **Жылу тасымалдағыштың толық суынуын күтіңіз, күйіп қалмау үшін!**
- Қайту құбырын ашып, торлы сүзгіні алыңыз (3.16/3.26 сурет).
- Сүзгіні ағынды суда жуыңыз. Күшті ластанса, жұмсақ щеткамен тазалаңыз.
- Сүзгіні орнына қойып, қайту құбырына қайта жалғаңыз.
- Сүзгі корпусын жабыңыз, қосылыстың герметикалығын тексеріңіз.
- Шарлы крандарды ашып, жүйені жылу тасымалдағышпен толтырыңыз.
- Қысымды (1-2 бар) және ағулардың жоқтығын тексеріңіз.

10.6. Термостаттарды қолмен қалпына келтіру

- Жұмысты бастамас бұрын қазандықты өшіріңіз.
- Алдыңғы панельді бекітетін 4 бұранданы (жоғары және төменнен) бұрап алыңыз (сурет 5.3).
- Панельді абайлап шешіңіз.
- Басқару панелі мен негізгі плата арасындағы қосқыш сымды абайлап ажыратыңыз.
- Жылуалмастырғыштың үстінен үш қорғаныш термостатты табыңыз (сурет 3.2в).
- Өлшеуіш құралдың көмегімен термостат контактілерінде кернеудің жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Әрбірінің «шытыр» еткен дыбысын естігенше термостаттың ортасындағы қалпына келтіру түймелерін кезекпен басыңыз (сурет 12.1).
- Басқару панелі мен негізгі плата арасындағы қосқыш сымды қайта қосыңыз.
- Алдыңғы панельді орнына қойып, бұрандалармен бекітіңіз және қазандықты қосыңыз.



Сурет 12.1

11. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Unilux KE электр қазандықтарын тасымалдау және сақтау қаптамадағы манипуляциялық белгілерге сәйкес жүргізілуі тиіс:



Жүк тиегішті пайдалануға болмайды

Домалатуға болмайды

Тележканы пайдалануға болмайды



Тік қалпын сақтау керек

Сынғыш

Ылғалдан қорғау

12. УТИЛИЗАЦИЯ

Орнату, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және сапалы суды пайдалану талаптарын сақтаған жағдайда қазандықтың қызмет ету мерзімі 10 жылды құрайды (қолданыстағы стандарттарға сәйкес).

Қазанды кәдеге жаратқанда жергілікті экологиялық нормалар мен ережелерді сақтау қажет.

Өндіруші алдын ала хабарламай-ақ, жиынтыққа, конструкцияға және жабдықтың сипаттамаларына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, бірақ бұл өнімнің жұмыс сипаттамаларының төмендеуіне әкелмейді.

13. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ



Назар аударыңыз!

Ақау пайда болған жағдайда құрылғыны электр қуатынан ажыратып, қазаннан және жылыту жүйесінен жылу тасымалдағышты төгіп тастаңыз, егер жүйенің қатып қалу қаупі болса.

Кесте 15.1 - Қателік кодтары және жою тәсілдері

Қате / ақау	Мүмкін себебі	Жою тәсілі
F0	Температура датчигінің ақауы	Қосылуын тексеріңіз; қажет болса датчикті ауыстырыңыз
F2	Қату	Температура датчигі зақымдалған немесе жұмыс істемейді; жүйеде ауа тығыны немесе құбырда бітелу болуы мүмкін
E1	ГВС температура датчигінің ақауы	Датчик қосылуын тексеріңіз; қажет болса ауыстырыңыз
E3	Жүйенің қызып кетуі	Термопредохранитель іске қосылды. Салқындағаннан кейін жүйе қайта қосылады. Қате қайталанса, сервиске хабарласыңыз
E7	Тасымалдаушы қысымы төмен	Жүйені қалыпқа дейін толтырыңыз
	Қысым реттегіштің ақауы	Реттегішті ауыстырыңыз
	Тор сүзгінің бітелуі	Сүзгіні тазалаңыз
E8	Жүйеде ауа	Ауа тығындарын шығарыңыз
	Насос ақауы	Насосты жөндеңіз немесе ауыстырыңыз
	Қисық сүзгінің (Ү-сүзгі) бітелуі	Сүзгіні тазалаңыз немесе ауыстырыңыз
	Тор сүзгінің бітелуі	Сүзгіні тазалаңыз
	Ағын датчигінің ақауы	Датчикті қайта қосыңыз немесе ауыстырыңыз
Егер жылу тасымалдағыш ретінде қатпайтын сұйықтық пайдаланылса, оның тұтқырлығын азайту үшін жүйеге алдын ала дайындалған су қосыңыз.		
EC	Дисплей мен басқару платасының арасындағы қосылыстың үзілуі немесе әлсіз қосылуы	Кабельді тексеріңіз; қажет болса шлейфті ауыстырыңыз

Басқа мүмкін ақаулар

Құбыр қосылыстарында жылу тасымалдағыштың ағуы	Тығыздағыш сақиналарды тексеріңіз, қосылыстарды қатайтыңыз.
Жылу тасымалдағыш қызбайды	Жылыту элементі, басқару платасы, датчиктер немесе термостаттар істен шығуы мүмкін. Ақаулы бөлшекті ауыстырыңыз.
Жеткіліксіз қыздыру	Жылыту аймағы қазанның қуатынан асып кеткен. Қосымша қазан орнатыңыз немесе жүйе қуатын арттырыңыз.
Қысымның қалыптан тыс төмендеуі, жиі толықтыру	Жүйеде ағып кету болуы мүмкін. Жүйені тексеріңіз.


Ақау болып табылмайды	
Қазандық сөндірілгеннен кейін насос жұмыс істеп тұр	Рұқсат етіледі: насос жылуалмастырғышты салқындатады
Қауіпсіздік клапанынан жылу тасымалдағыш ағып жатыр	Бұл артық қысымды қалыпты түсіру
Жылу тасымалдағыш температурасы 90°C-тан асты	Суығаннан кейін автоматты түрде қалпына келеді

Егер көрсетілген шаралар көмектеспесе, уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз! Құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз және жөндемеңіз - бұл қауіпті!


14. ЭЛЕКТРЛІК СЫЗБАЛАР

14.1. Unilux KE-8 электрлік сызбасы



1. Клеммалық қорап (байланыс клеммалары)
2. Жылытқыш элемент
3. Термостат
4. Басқару панелі (оператор, басқару контроллері)
5. Wi-Fi модулі
6. Негізгі контроллер

14.2. Unilux KE-12 электрлік сызбасы



1. Клеммалық қорап (байланыс клеммалары)
2. Жылыту қыздырғыш элементі
3. Термостат
4. Термостат
5. Ыстық судың қыздырғыш элементі (ГВС)
6. Басқару тақтасы
7. Симистор (басқару мүмкіндігі бар тиристор)
8. Басқару панелі (оператор)
9. Wi-Fi модулі



УВАЖАЕМЫЙ ПОКУПАТЕЛЬ!

Поздравляем вас с приобретением электрического котла Unilux KE! Настоящее руководство распространяется на электрические котлы Unilux KE-8 / Unilux KE-12C (далее по тексту - котёл, прибор, устройство). Полное наименование приобретённого вами прибора указано на идентификационной табличке, расположенной на корпусе прибора и на упаковке.

1. НАЗНАЧЕНИЕ

Электрический котёл Unilux KE предназначен для нагрева теплоносителя с целью отопления бытовых помещений. Также он может использоваться совместно с трёхходовым клапаном и водонагревателем косвенного или комбинированного нагрева для получения горячей воды для бытовых нужд.

2. УКАЗАНИЕ МЕР БЕЗОПАСНОСТИ

Для обеспечения безопасной работы оборудования, предотвращения травм и порчи имущества необходимо соблюдать следующие меры:

- Электропроводка, предохранительные и коммутационные устройства должны соответствовать мощности подключаемого прибора.
- Подключайте прибор только к электрической сети с параметрами, указанными на маркировочной табличке.
- Перед установкой проверьте наличие заземляющего контура. При его отсутствии эксплуатация прибора запрещена.

ЗАПРЕЩАЕТСЯ:

- Держать рядом с прибором легковоспламеняющиеся материалы.
- Устанавливать прибор в помещениях с повышенной влажностью.
- Оставлять прибор рядом с источниками открытого огня или горячими предметами.
